


Степногорск қаласының Білім бөлімі
«Степногор ауылының орта мектебі» мемлекеттік мекемесі

Дайындаған: бастауыш сынып мұғалімі Жұхамай Нурай



Сабақтың тақырыбы:

Өнеге-отбасынан
басталады.



Мектебің мынау класың,
Осында он жыл тұрасың.
Тарыдай болып кіресің,
Таудай болып шығасың!





*Жақсы мұғалім маған -бәрінен де қымбат,
өйткені мұғалім- мектептің жүрегі.*

Ы. Алтынсарин.

«Мектеп-кеме,
Білім-теңіз»- дегендей барлық білім,
ғылым, өнердің ордасы ол мектеп
емес пе?!

Мектептің адам баласына үйрететіні
ұшан теңіз. Әрбір адамның білім алған
мектебі, ол үшін маңызы да зор болуы
керек.



Сабақтың мақсаттары:

1. *Білімділік:* оқушыларға тақырыпқа сай жан-жақты білім, білік, дағдыларды меңгерту.
2. *Дамытушылық:* танымдық қабілеттерін жетілдіру, шығармашылыққа, алғырлыққа баулу.
3. *Тәрбиелік:* рухани адамгершілікке, отансүйгіштікке, өз отбасын сыйлауға тәрбиелеу.



Сабақтың типі: ашық тәрбие сабақ.
Сабақтың түрі: аралас.

Сабақтың әдіс-тәсілдері:

Түсіндіру

Пікір-сайыс

Көрнекілік
көрсету

Сұрақ-жауап

Сурет бойынша
әңгімелесу

Әңгімелесу

Түсінгенін айту

Баяндау



Сабақтың көрнекіліктері:

- *Отбасылық және сюжеттік суреттер.
- *Мақал-мәтелдер.
- *Сөзжұмбақ .
- *Отбасы туралы нақыл сөздер.

Отбасы туралы нақыл сөз

Отбасы-күрделі оркестр сияқты, бірі домбыра тартып күй тартады, бірі әсем ән салады, бірі қобызда ойнайды, ал енді бірі сырнай шертеді, ал келесі бірі өлең сөзден жыр төгеді.

Я.А. Коменский

Мақал-мәтелдер.

Отанды сүю-отбасынан басталады.

Ата-бәйтерек,
Бала-жапырақ.

Балалы үй базар,
Баласыз үй тозар.

Ағасы бардың, жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.

Әкеге қарап ұл өсер,
Шешеге қарап қыз өсер.

Әке-асқар тау,
Ана-қайнар бұлақ,
Бала жағадағы-құрақ.

Пәнаралық байланыс:

дүниетану

еңбекке баулу

математика-

әдебиеттік оқу

қазақ тілі

I. Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың сабаққа дайындықты тексеру.

Оқушыларды өздерінің тиісті орнына орналастырып, сабаққа қажетті құрал-жабдықтарын түгендеп, тыныштандыру.

Ә) Психологиялық дайындық кезеңі:

Өлең жолдарынан үзінді оқу.

Аналар , қамқор әкелер,

Балаға бақыт әкеңдер.

Бөбектер аштан талмасын,

Тірідей жетім қалмасын.

Ата-ана қасиетті, ұлы ұғым,

О, адамзат ұғымның сырын ұғын.

Ата-анаңнан саған ешкім қымбат емес,

Мейілі, кім болса дағы теңелмес.


II. Жаңа сабақты бастау. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Отбасы деген-бір кішкентай мемлекет сияқты. Әрбір отбасында тұратын адамдардың әрқайсысының атқаратын

Отбасының мүшелерінің атқаратын міндеттері де әртүрлі. Әрқайсысының отбасының дұрыс қалыптасуына тигізетін әсері зор. Мысалы, мемлекетті президент басқаратын болса, отбасының өзіндік президенті, яғни қожайыны болады. Ал, оған бағынатын министрлері болады

Сұрақ қою арқылы жаңа тақырыптың мағынасын ашу, ой қозғау.

- 1.«Отбасы» деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
- 2.Отбасында кімдер тұрады?
- 3.Отбасының үлкен болғанын қалайсыңдар ма, әлде шағын болғанын қалайсыңдар ма?



Ал, балалар сендердің отбасыларыңда кім қандай қызметті басқарады?

-Толығырақ айтар болсақ, мысалы үй қожайының қызметін кім басқарады, ал үй шаруасы қызметін кім атқарады, қаржы, кіріс, шығыс есебін кім басқарады, шаруасын кім басқарады, ас үйдің қызметін кім басқарады, бала бағуды, даланың т.с.с қызметтерді кім басқарады.

- Ал, балалар сендер бір жаққа қонаққа немесе іс-шараға бару үшін ең бірінші кімнен рұқсат аласыңдар?

ҚАМҚОР ОТАҒАСЫ

АҚЫЛДЫ АТА-
ӘЖЕ

АРДАҚТЫ
ӘКЕ

*Отбасы
мүшелері
қандай
болу
керек?*


АҚЫЛДЫ,
ҮЛГІЛІ
БАЛАЛАР

КІШПЕЙІЛ
ІНІ,
ҚАРЫНДАС

ҚАМҚОР АҒА,

Ал, балалар енді
назарымызды төмен
отбасылық суреттерге
аударайық.

Отбасы мүшелері туралы әңгімелеп бер!



Суретті әңгімелеп
бер!

Балаларға ат
қойып, әңгімеле!





Жақсы бала-қызық,
Жаман бала күйік.



ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ОТБАСЫ




Суреттегі кейіпкерлердің іс – әрекетін сипатта!



Балаға сипаттама бер!



Атасы мен баласы
жайлы әңгімеле!



Сабақтың кезеңдері төмендегідей:

- 1.Үй тапсырмасын пысықтау.
- 2.Көрініс.«Бақша ағаштары». Ы. Алтынсарин.
- 3.Көрнекілік бойынша тапсырма орындау.
- 4.Сөзжұмбақ шешу.
5. Сергіту сәті. «Қара жорға»биі.
- 6.Сұрақ-жауап кезеңі.
- 7.Сабақты қорытындылау.
8. Бағалау.



I-кезең. Үй тапсырмасын пысықтау.

Мен сендерге үй тапсырмасына «Менің Отбасым» тақырыбында шағын әңгіме жазып келу немесе сурет салып келу тапсырылған. Сол тапсырма бойынша әрбір оқушы жеке-жеке өз дайындап келген тапсырмаларын қорғайды.

Отбасы-әркімнің туып, өскен ортасы, бір сөзбен айтқанда, кір жуып ,кіндік кескен жері.

Отбасының өзіне тән ұстанатын қағидалары мен салт-дәстүрлері, сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай сақталатын әдет-ғұрыптары да болады. Қазақ отбасында «қара шаңырақ иесі»деген да бар, ол яғни үйдің кенжесі сол шаңыраққа ие болады деген сөз.

Сондай-ақ, мұрагерлік те ұрпақтан-ұрпаққа сақталады.

II-кезең. Көрініс. «Бақша ағаштары». Ы. Алтынсарин.

Көріністе рөл сомдаушылар тізімі

- * Атасының рөлінде - Бахытхан Нурбахыт.
- * Баласының рөлінде – Бадаухан Мақсат.
- * Қисық ағаштың рөлінде - Абдрахманова Аружан.
- * Түзу ағаштың рөлінде- Өмирай Еркежан.
- * Күтушінің рөлінде- Квасова Янна Ивановна.

Сергіту сәті

Ал , енді балалар сендердің сабаққа деген қызығушылықтарыңды ояту үшін, Сергіту сәті ретінде қазақтың ұлттық биі «Қара жорға» биін билейміз



Өнерлі өрге жүзеді.

Он саусағы майысқан бишілер



Өнерлі-өрге жүзеді.



III-кезең. «Күн көзінің» тапсырмасын орындау.

Тапсырманың шарттары:

- *-Отбасының дұрыс қалыптасуы үшін отбасы мүшелері қандай болу керек?- деген сұраққа жауап бере отырып, дұрыс жауаптарды күлтешелерге желімдеп, жапсыру қажет.

«Күн көзінің» тапсырмасын орындау үстінде



ІҮ-кезең. Сөзжұмбақты шешу.

1. Өнегелі .
2. отбасы.
3. Тірі организмнің өсіп-өнуі, тұқым немесе ұрық таратуы дегеніміз не?
4. «Ақыл» сөзіне жуық мағыналы сөз.
5. Іс тігуге арналған зат .
6. Бір затты қағып, бекітуге немесе орнатуға арналған зат.
7. «Лақ» қай малдың төлі?
8. «Сыртқы» сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөз?
9. ---- -отбасынан басталады.
10. «Ата» сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөз.
11. Ұзатылған қызға берілетін салт-дәстүр немесе сый, кәде.
12. Тірі организмнің дұрыс тыныс алуы үшін ненің маңызы зор?

Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.



Ү-кезең. Сұрақ-жауап кезеңі.

1. Арлы сөзін сөз құрамына талда, яғни түбір,
2. «Ұрпақ» сөзінің жұрнақ, жалғауын ажыратып белгіле!
3. Мемлекеттік рәміздерді ата!
4. Мемлекеттік тудың нелер бейнеленген?
5. Үш жұртты атап бер!
6. Жуан дауыстылардың саны нешеу?
7. Ең үлкен бір таңбалы сан?
8. Ең үлкен екі таңбалы сан?
9. Үшбұрыштың неше бұрышы бар?
10. Қазақстанның Солтүстік қалаларын атап бер!

Ү-кезең. Сұрақ-жауап кезеңі.

1. Арлы сөзін сөз құрамына талда, яғни түбір,
2. «Ұрпақ» сөзінің жұрнақ, жалғауын ажыратып белгіле!
3. Мемлекеттік рәміздерді ата!
4. Мемлекеттік тудың нелер бейнеленген?
5. Үш жұртты атап бер!
6. Жуан дауыстылардың саны нешеу?
7. Ең үлкен бір таңбалы сан?
8. Ең үлкен екі таңбалы сан?
9. Үшбұрыштың неше бұрышы бар?
10. Қазақстанның Солтүстік қалаларын атап бер!

Қорытындылау үшін мен сендерге
жүрекше таратамын, ал сендер өз
ҮІ-кезең. Сабақты Қорытындылау
пікірлеріңді жүрекшеге жазасыңдар!
кезеңі

Оқушылар өз ойларын қорытындылауда.




ҮІІ-кезең. Сабақты аяқтау. Оқушыларға алғыс айтып, сыйлықтар беру.



Сабақтың жабылуын «Ана туралы» әсем әнмен аяқтаймыз.





Назар қойып,
тыңдағандарыңызға көп рахмет